

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

1 (413)

JANUARY – FEBRUARY 2025

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ӘБЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры, Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Астана, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

РИШЕЛЬ Мариновски, білім беру саласындағы PhD, Летбридж университеті педагогика факультетінің профессоры, (Альберта, Канада), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К.Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің кәсіби білім беру педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

ӘБЛДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар мен мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

БОЛАТБАЕВА Күлжанат Нұрымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Астана, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

ПЕТР Хайек, PhD, Юникорн университеті, Қаржы департаментінің қауымдастырылған профессоры (Чех Республикасы), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

ЖҰМАН Жаппар, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА құрметті академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қолданбалы зерттеулер орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>, <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилянская академия» ұлттық университеті кафедрасының меңгерушісі (Киев, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихқызы, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *«іргелі ғылым салалары бойынша жаңа жетістіктердің нәтижелерін жариялау»*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования, заведующая кафедрой методики преподавания математики, физики и информатики КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

РИШЕЛЬ Мариновски, PhD в области образования, профессор факультета педагогики Летбриджского университета, (Альберта, Канада), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Астана, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

ПЕТР Хайек, PhD, университет Юникорн, ассоциированный профессор Департамента финансов, (Чешская Республика), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

ЖУМАН Жаппар, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель Казахстана, почетный академик НАН РК, директор Центра Международных прикладных исследований Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *«публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук».*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2025

EDITOR-IN-CHIEF:

ABYLKASSIMOVA Alma Yesimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Center for the Development of Pedagogical Education, Head of the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Computer Science at Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191275199>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2076124>.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:

SEMBIEVA Lyazzat Myktybekovna, Doctor of Economics, Professor of the Eurasian National University (Astana, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57194226348>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/38875302>.

EDITORIAL BOARD:

RICHELLE Marynowski, PhD in Education, Professor, Faculty of Education, University of Lethbridge, (Alberta, Canada), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57070452800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/16130920>.

SHISHOV Sergey Evgenievich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education, Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57191518233>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/2443966>.

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56128026400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/4131549>.

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-Chief of the journal “Standards and Monitoring in Education” (Moscow, Russia), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6602245542>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/13675462>.

BULATBAEVA Kulzhanat Nurymzhanovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57202195074>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/40173122>.

PETR Hájek, PhD, Unicorn University, Associate Professor, Department of Finance, (Czech Republic), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35726855800>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/672404>.

JUMAN Jappar, Doctor of Economics, Professor, Honorary Academician of NAS RK, Honored Worker of Kazakhstan, Director of the Center for International Applied Research Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan) <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59238481900>; <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56658765400>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/60977874>.

LUKYANENKO Irina Grigorievna, Doctor of Economics, Professor, Head of Department of the National University of Kyiv-Mohyla Academy (Kyiv, Ukraine), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189348551>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/939510>.

YESIMZHANOVA Saira Rafihevna, Doctor of Economics, Professor of the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56499485500>, <https://www.webofscience.com/wos/author/record/45951098>.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The

certificate of registration of

a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *«publication of the results of new achievements in the field of fundamental sciences»*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2025

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 1. Number 413 (2025), 129–147

<https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.887>

FTAMP 14.23.17

D. Erdembekova^{1*}, A. Issakyzy¹, B.K. Ospanova², 2025.

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;

² Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.

E-mail: dinara.erdem@mail.ru

THE INFLUENCE OF REGGIO PEDAGOGY ON THE DEVELOPMENT AND EDUCATION OF PRESCHOOL CHILDREN

Yerdembekova Dinara – PhD Student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan E-mail: dinara.erdem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5049-5556>;

Bulshekbayeva Assem – PhD, acting associate professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan E-mail: bulshekbayeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>;

Ospanova Bibigul Kanatovna – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan, sandorik84bk@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-0314-3539>.

Abstract. The article comprehensively examines the impact of Reggio pedagogy on the holistic development and education of preschool children. The main feature of this method is the organization of the educational process aimed at shaping the child as an independent individual, developing their creative abilities, and exploring the surrounding environment. The purpose of the study is to determine the significance of Reggio pedagogy in the development and education of preschool children, describe its main principles, and analyze the possibilities of its practical application. Research objectives: To describe the key principles of Reggio pedagogy and identify its features in the preschool education system.

The article highlights the role of Reggio pedagogy in increasing children's interest, their self-development, and fostering a desire to explore the world. This approach views the child as an active participant in the learning process and a creative personality. The method focuses on respecting the child's individual characteristics, nurturing their natural curiosity, and developing their creative potential. Reggio pedagogy is characterized as a unique method that encourages children's research activities and enhances their cognitive engagement. One of its key principles is the partnership between the child and the teacher, where the teacher deeply understands the child's interests and supports their exploratory initiatives. This approach provides children with opportunities for self-expression and the implementation of new

ideas. Reggio pedagogy promotes the comprehensive development of cognitive, communicative, creative, and socio-emotional skills.

Keywords: preschooler, senior group, socio-emotional skills, reggio pedagogy, preschool organization, educator.

Д.А. Ердембекова^{1*}, А. Исақызы¹, Б.К. Оспанова², 2025.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан;

²«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Семей, Қазақстан.
E-mail: dinara.erdem@mail.ru

РЕДЖИО ПЕДАГОГИКАНЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫ ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕЛЕУГЕ ӘСЕРІ

Ердембекова Динара – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, E-mail: dinara.erdem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5049-5556>;

Бұлшекбаева Асем – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Алматы, Қазақстан, E-mail: bulshekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>;

Оспанова Бибигуль – «Alikhan Bokeikhan University» ББМ, педагогика және психология кафедрасының доцент м.а., PhD, Семей, Қазақстан, sandorik84bk@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0314-3539>.

Аннотация. Мақалада Реджио педагогикасының мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы мен тәрбиесіне тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады. Бұл әдістің басты ерекшелігі – баланың дербес тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қоршаған ортаны зерттеуге бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыру. Зерттеудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде Реджио педагогикасының маңызын анықтау, оның негізгі қағидаларын сипаттау және тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін талдау. Зерттеу міндеті: Реджио педагогикасының негізгі қағидаларын сипаттау және оның мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерін анықтау. Мақалада Реджио педагогикасының баланың қызығушылығын арттырудағы, оның өзін-өзі дамытуға және қоршаған ортаны тануға деген ынтасын қалыптастырудағы рөлі ашып көрсетіледі. Бұл тәсіл баланы оқу-тәрбие үдерісінің белсенді қатысушысы, шығармашыл тұлға ретінде қарастырады. Бұл әдіс баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеуге және оның табиғи қызығушылығы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Реджио педагогикасы баланың қоршаған ортаны зерттеуі мен танымдық белсенділігін арттыратын ерекше тәсіл ретінде сипатталады. Негізгі қағидаларының бірі – бала мен педагогтің серіктестік қарым-қатынасы, мұнда педагог баланың қызығушылығын терең түсініп, оның зерттеушілік әрекеттерін қолдайды. Бұл тәсіл баланың өзін-өзі көрсетуіне және жаңа идеяларды іске асыруына мүмкіндік береді.

Реджио педагогикасы когнитивтік, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды кешенді дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, әдістің балалардың дербестік, жауапкершілік және топтық ынтымақтастық қабілеттерін арттырудағы маңызы зор. Бұл педагогика мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жан-жақты дамуына қосатын маңызды үлесін растайды. Мұндай тәсіл отандық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға айтарлықтай ықпал ете алады. Бұл әдіс мектепке дейінгі білім беруде баланың қызығушылығын арттырып, оның танымдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі бала, ересек топ, әлеуметтік-эмоционалдық дағды, Реджио педагогикасы, мектепке дейінгі ұйым, педагог-тәрбиеші.

Д.А. Ердембекова^{1*}, А. Исақызы¹, Б.К. Оспанова², 2025.

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан;

²УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан.
E-mail: dinara.erdem@mail.ru

ВЛИЯНИЕ РЕДЖИО ПЕДАГОГИКИ НА РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Ердембекова Динара Амангельдыевна – докторант Казахского Национального Педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: dinara.erdem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5049-5556>;

Булшекбаева Асем Исаевна – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: bulshekbaeva@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6229-4783>;

Оспанова Бибигуль Канатовна – PhD, и.о. доцента кафедры педагогики и психологии, УО «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Казахстан, E-mail: sandorik84bk@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0314-3539>.

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается влияние педагогики Реджио на всестороннее развитие и воспитание детей дошкольного возраста. Основная особенность данного метода заключается в организации образовательного процесса, направленного на формирование ребенка как самостоятельной личности, развитие его творческих способностей и исследование окружающей среды. Цель исследования – определить значимость педагогики Реджио в развитии и воспитании дошкольников, описать ее основные принципы и проанализировать возможности применения на практике. Задачи исследования: Описать основные принципы педагогики Реджио и выявить ее особенности в системе дошкольного образования.

В статье раскрывается роль педагогики Реджио в повышении интереса ребенка, его саморазвитии и формировании стремления к познанию окружающего мира. Этот подход рассматривает ребенка как активного участника учебно-воспитательного процесса и творческую личность. Метод

направлен на уважение индивидуальных особенностей ребенка, развитие его природного любопытства и творческого потенциала. Педагогика Реджио характеризуется как уникальный метод, способствующий исследовательской деятельности ребенка и повышению его познавательной активности. Одним из ключевых принципов является партнерское взаимодействие между ребенком и педагогом, при котором педагог глубоко понимает интересы ребенка и поддерживает его исследовательские инициативы.

Этот подход предоставляет ребенку возможность самовыражения и реализации новых идей. Педагогика Реджио способствует комплексному развитию когнитивных, коммуникативных, творческих и социально-эмоциональных навыков. Кроме того, метод оказывает значительное влияние на формирование у детей самостоятельности, ответственности и способности к групповому взаимодействию. Данный метод подтверждает свою значимость в обеспечении всестороннего развития детей в дошкольных организациях. Такой подход может существенно повысить качество отечественной системы образования, способствуя формированию интереса ребенка к обучению и развитию его познавательных и социальных навыков.

Ключевые слова: дошкольник, старшая группа, социально-эмоциональные навыки, педагогика Реджио, дошкольная организация, педагог-воспитатель.

Кіріспе. «Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Бұл – әншейін әдемі сөз емес, мемлекет стратегиясының түпкі мәні. Бүгінгі жастар біздің жас кезімізге қарағанда әлдеқайда көп біледі. Қазіргі технология дәуірінде бұл – қалыпты нәрсе. Қазақстанда дарынды, білімді әрі мақсатына ұмтыла білетін қыз-жігіттер көп. Дәл сол себепті мен жастарға сенемін деп жалықпай айта беремін», - деген президент Қ.К. Тоқаевтың жастарға сенімі мен олардың отаншылдығы мен мәдениетін дамытуға шақыруы Реджио педагогикасының қағидағарымен үйлеседі (ҚР президенті Қ.К. Тоқаев, 2025ж).

Бұл педагогика баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның шығармашылық қабілеттері мен әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Реджио әдісі арқылы мектеп жасына дейінгі балалар өз ортасымен үйлесімді дамып, еркін ойлауды, өз идеясын жүзеге асыруды үйренеді. Бұл болашақта олардың отанға деген сүйіспеншілігін нақты істермен көрсетуге және қоғамның белсенді азаматы болуына негіз қалайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға жайлы және қауіпсіз жағдай жасау, баланың даралығын қолдау және дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны қалыптастыру басты міндеттер ретінде айқындалған. Бұл міндеттер Реджио педагогикасының негізгі идеяларымен үндеседі, себебі аталмыш тәсіл баланың жеке ерекшеліктерін дамытуға және оны тұлға ретінде қабылдауға ерекше назар аударады.

Реджио педагогикасы бойынша әр бала – өзіндік әлеуеті мен

қызығушылықтары бар дербес тұлға. Бұл әдістің басты ерекшелігі – баланың өзіндік шығармашылық, танымдық, коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталуы. Бағдарлама міндеттеріндегі баланың зияткерлік және әлеуметтік дағдыларын дамыту, сондай-ақ ұлттық және отбасылық құндылықтарға баулу идеялары Реджио әдісінің философиясына сәйкес келеді. Бұл тәсіл баланың қоршаған әлеммен белсенді қарым-қатынас орнатуына, зерттеушілік қабілеттерін арттыруға және оны шығармашылық тұрғыдан дамытуға мүмкіндік береді.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта Реджио педагогикасының маңызды құрамдас бөлігі. Мұндай орта балаларды белсенді зерттеуге, өз идеяларын жүзеге асыруға және олардың табиғи қызығушылығын қолдауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның балалардың жас ерекшеліктеріне сай дағдыларын қалыптастыру және оқыту міндеттерімен тікелей үйлеседі. Сонымен қатар, Реджио тәсілі инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылық ойлауын және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға басымдық береді.

Реджио педагогикасында ата-аналардың рөлі ерекше маңызға ие. Баланың тәрбиесі мен дамуына отбасы мен педагогтардың бірлескен қатысуы – оқу бағдарламасының отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдардың күш-жігерін біріктіру туралы талабымен толық сәйкес келеді. Мұндай ынтымақтастық баланың тұлғалық дамуына оң ықпал етіп, оның мектепке физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайын болуына көмектеседі. Реджио педагогикасы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда заманауи әрі тиімді әдістемелік тәсіл. Оның идеялары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерімен үйлесе отырып, балалардың зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2022).

Қазіргі таңда қоғам сұраныстарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу, уақыт талаптарына сай құру көкейкесті мәселенің бірі. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беруді инновациялық тұрғыдан қарау, озық тәжірибелер мен идеяларды насихаттау қажеттілігі туып отыр. Мектепке дейінгі ұйымдар білім беру жүйесінің басқа да институттары секілді белгілі бір қоғамның, қоғамдық қарым-қатынас жүйесінің негізінде өз қызметін атқарады, сондықтан да олардың жалпы жағдайы, орны көбіне сыртқы факторлардың әсерінен, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасының кейпімен анықталады (Иманбеков, т.б., 2019). Осы тұста біз зерттеуімізге сәйкес Реджио педагогикасын бала дамуының барлық дағдыларына әсер ететіндігін айта кеткіміз келеді. Бұл технология шет елдерде кеңінен қолданылып келеді, ал қазіргі кезде біздің елімізде Алматы, Шымкент, Астана, Семей қалаларында қолданылып келеді. Бұл технологияға қысқаша тоқталатын болсақ:

Реджио-Эмилия тәсілі Италияның солтүстігіндегі қалада құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ата-аналар мен тәрбиешілер жаңа білім беру тәжірибесін іздеді. Реджо-Эмилиядағы алғашқы мектепке дейінгі балабақша 1963 жылы тәрбиеші Лорис Малагуццидің көмегімен ашылды. Реджио Эмилия әдісі қоғамдастық пен оның мәдениетіне негізделген, бірақ оның идеялары Джон Дьюи, Жан Пиаже, Лев Выготский, Дэвид Хокинс, Джером Брунер, Ховард Гарднер сияқты зерттеушілер әзірлеген мектепке дейінгі білім беру принциптеріне негізделгенін айта кету керек. 1991 жылы қалалық мектепке дейінгі мекемелердің бірі, Diana мектепке дейінгі мекемесі, Newsweek журналы мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін ескере отырып, әлемдегі ең озық мектепке дейінгі мекемелердің бірі деп аталды. Бұл мектепке дейінгі мекемелер баланы белсенді азамат және туғаннан бастап құқықтардың иесі ретінде қарастырды, оның жеке басы және оқуға белсенді қатысуы үшін бағаланды. Реджо Эмилия балабақшалары эстетикасымен танымал. Әрбір ресурс балаларды зерттеуге және ресурстарға пластикалық құбырларының қалдықтары, қораптар, маталар, шелектер, тастар, блоктар және саз сияқты заттар кіруі мүмкін. Бөлмелер ашық және балалар кеңістіктер арасында еркін қозғала алатындай етіп жасалған (Caren Go, 2024).

Реджио педагогикасы әр баланың біртұтас дамуына баса назар аударады. Өнер, музыка, театр өнері және қозғалыс сияқты өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларын қоса алғанда, ол әртүрлі интеллект түрлерін, әлеуметтік дағдыны дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсіл балалардың әртүрлі дарындары бар екенін анықтайды, бұл оларға түрлі салаларда зерттеуге және табысқа жетуге мүмкіндік береді (Ердембекова, т.б., 2024).

Қоршаған орта Реджио педагогикасының ажырамас бөлігі. Егер, балалар жұмыс істеуге ынталандыратын материалдары бар әдемі ортаға орналастырылса, олар қоршаған ортаны зерттеуге және құрметтеуге ынталы болады деп саналады. Реджио Эмилия балабақшаларындағы ішкі кеңістіктер, әдетте, тәрбиеленушілерді қызықтыру үшін көптеген жабық өсімдіктермен, жүзіммен және табиғи жарықпен жобаланған табиғаттан шабыттандырады. Бөлмелерде кеңістік пен сенімділік сезімін қалыптастыру үшін бірнеше айналар, есіктер, терезелер болады. Ашық алаң немесе орталық жалпы аймақ көбінесе ашық ас үйге іргелес болады, ал балалардың жұмыстары бүкіл балабақшадағы галереяларда көрсетіледі.

Реджио педагогикасын мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және ата-ана философия туралы түсініктерін кеңейту үшін осы идеяларды нақты білуі қажет:

- Философияның негізгі қағидасы – барлық балалар күшті, қабілетті және төзімді. Кеңес: әр баланың дауысы бар және бағаланады, қабілетті және креативті деген сенімі туралы үнемі хабарлап отыру.

- Әр бала қоршаған әлемге деген танданыс пен қызығушылыққа толы. Сондықтан бала өзіне қызықты нәрсені зерттегенде, оның бір нәрсені үйрену мүмкіндігі жоғары болады. Кеңес: үстелдерге бірнеше түрлі экспонаттарды

орналастырыңыз, сонда балалар таңертең келгенде, олар әрі қарай зерттеу және ашу үшін өз тақырыптарын таңдай алады.

- Балалардың өз ойын білдіру үшін қолданатын «100 тілі» бар. Бұл балаларға қарым-қатынас жасаудың және ойлар мен білім алмасудың көптеген тәсілдерін ұсынудың маңыздылығын көрсетеді. Кеңес: бұл тілдер сурет салудан, және мүсіндеуден ән айтуға, би билеуге және драмалық ойынға дейін болуы мүмкін. Балалардан не істегенді ұнататынын сұраңыз және оларды өз ойын білдірудің әртүрлі тәсілдерін қолдануға шақырыңыз.

- Балалардың мүдделеріне жауап беру шынайы тарту мен зерттеуді өмірге әкеледі. Жобалық жұмыс балаларға жеке қызығушылық тудыратын тақырыптарға терең араласуға мүмкіндік береді және оларға өз оқуын құруға мүмкіндік береді. Кеңес: әртүрлі ресурстарды, өзара әрекеттесуді және тәжірибені ұсыныңыз. Барлық балалардың берілген нәтижелермен бір уақытта бірдей тәжірибені орындауына емес, ашық жобалық жұмысқа назар аударыңыз.

- Реджо педагогикасында қоршаған орта үшінші тәрбиеші ретінде қарастырылады. Оқу кеңістігінде балалардың қиялын ынталандыратын, олардың шығармашылығына ықпал ететін және ынтымақтастық пен қарым-қатынасты ынталандыратын материалдар мен құралдар болуы керек. Кеңес: оқу ортаның үй сияқты жылы шырайлы және жарық етіңіз. Кеңістіктерде табиғи жарық көп болуы керек, табиғатқа қатты назар аударылуы керек және балаларды өздерін қызықтыратын нәрсеге тереңірек енуге ынталандыру үшін үнемі дамып отыруы керек.

- Педагог білімнің серіктесі және тең авторы. Кеңес: өзіңізді «білім таратушы» ретінде емес, бірлескен оқу-тәрбие процесінде балаларға басшылық пен қолдау көрсететін бірлескен автор және көмекші ретінде қарастыруға тырысыңыз.

- Отбасылар, мектепке дейінгі ұйым қауымдастығы және балалар арасындағы қарым-қатынасты дамыту. Кеңес: баласының қалай дамып жатқаны туралы кері байланыс беру үшін отбасылармен үнемі ашық қарым-қатынасты сақтаңыз. Отбасылар мен тәрбиешілердің әр балаға өз әлеуетін ашуға көмектесу үшін серіктестікте жұмыс істеу мүмкіндіктерін іздеңіз.

- Реджо педагогикасы барлық қатысушы тараптар – балалар, отбасылар және тәрбиешілер - баланың оқуын тереңдету және кеңейту үшін мүмкіндіктерді байқауға, ойлауға, бағалауға және барынша пайдалануға мүмкіндік беру үшін балалардың әңгімелері мен өкілдіктерін құжаттауға баса назар аударады. Кеңес: құжаттаманың әртүрлі формаларын қолданыңыз, мысалы, балалардың жұмысын суретке түсіру, әңгімелерді жазу және оны балалар, тәрбиешілер мен отбасылар бір жыл бойы материалды оқуды жалғастыра алатындай етіп көрсету.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері дәстүрлі құрылымдармен және қалыптасқан оқу жоспарларымен жұмыс істесе де, тәрбиешілер Реджо-Эмилия принциптерінен шабыт алып, оларды өздерінің оқу ортасына бейімдеудің көптеген жолдарын қолданып жатады. Реджо педагогикасында ең бастысы

балаға ой еркіндігі беріледі, таңдау жасатамыз және әр балаға сапалы мектепке дейінгі білімге қол жеткізу мүмкіндігі беріледі, бұл оның дұрыс өсуі мен болашақта дамуы үшін берік негізін қалайды (Simone Brien Eight, 2022).

Баланы тәрбиелеуге келетін болсақ, ата-аналардың көпшілігі балаларының олар үшін ең жақсы ортада болуын қалайды. Балалар әртүрлі деңгейлерде және әртүрлі тәсілдермен үйренеді. Әр бала үшін орта қолайлы болуы қажет. Міне, Реджо Эмилиядағы оқыту әдісі қоршаған ортасы әр бала үшін жарқын және қолайлы. Қоршаған орта бала дамуына өте маңызды. Шын мәнінде, Реджо-Эмилия ортасы оқу-тәрбие процесінің негізгі бөлігі ретінде қарастырылады. Реджо Эмилиядағы бөлменің қалай көрінетінін және оның дизайны кішкентай балаларға неге соншалықты әсер етеді. Өйткені шетелде мектепке дейінгі ұйымды ертегідегідей баланың жасына сай безендіріп қояды. Лорис Малагуцци — Реджо-Эмилиядағы (Италия) әйгілі мектепке дейінгі мекемелердің негізін қалаушы – өзінің білім беру философиясын айтқан кезде, ол тәрбиешілерді кішкентай балаларда әлеуметтік ортада қабілетті және сауатты балаларды көруге шақырды. Ол әлеуметтік оқыту когнитивті дамудан бұрын болатынын атап өтті. Осы әлеуметтік оқыту факторына байланысты Малагуцци қоршаған орта білім беру процесінде шешуші рөл атқаратынына назар аударды.

Реджо Эмилияның мәні - бала зерттеу еркіндігін алады және оқу процесін өзі құрады, ал тәрбиеші көмектеседі. Мұндай ынтымақтастық баланың позициясынан дүниеге көзқарасын кеңейтеді, оның өзі құбылыстардың, заттардың, оқиғалардың өзара байланысын байқайды. (Ердембекова, т.б., 2022). Шын мәнінде, қоршаған орта Реджо-Эмилия тәсілінде «Үшінші педагог» ретінде анықталады. Себебі бұл балаларға өз қызығушылықтарын зерттеуге, басқа балалармен ашық жұмыс істеуге және бөлмеде және одан тыс тәжірибеден үйренуге мүмкіндік береді. Реджо Эмилия бөлмесі өте қонақжай және эстетикалық жағымды. Педагогтер қоғамдастықтан, балалардың мәдениетінен, табиғатынан шабыт алып, бөлмені табиғи, түрлі-түсті және пайдалы материалдармен-музыкалық аспаптардан бастап қабықтарға дейін толтырады. Реджо-Эмилиядан шабыттанған сабақтар ойын арқылы қарым-қатынасты және ынтымақтастықты ынталандыру үшін жасалған. Бөлмелерге арналған материалдар шығармашылықты, мәселелерді шешуді, экспериментті, зерттеуді және ашық ойынды ынталандыру үшін мұқият енгізілген.

Ашық оқу ортасы сонымен қатар тәрбиешілерге бөлмедегі әр баланың жеке қажеттіліктеріне сезімтал жауап беру үшін кеңістік беру арқылы икемділікті тудырады. Балаға бір нәрсені өз бетімен зерттеуге мүмкіндік берілгенде, әсіресе табиғатта – ол объект немесе тұжырымдама туралы көбірек білуге және түсінуге уақыт бөлуі мүмкін. Тәрбиеші баладан қызықты бір затты сипаттау үшін сурет салуды немесе рөлдік ойын арқылы оның сезімін ойнауды сұрай алады. Ашық зерттеуге есік ашып, ойынның білім беру күшін ашқанда мүмкіндіктер шексіз. Бұл балама стилі баланың өмір сүретін мәдениетін көрсететін етіп ұйымдастырылған. Жарық, мөлдірлік және табиғи материалдар элементтері бөлмедегі эстетикалық дизайнның негізгі екіні болып табылады.

Балаларға оқу материалдарына қол жетімділік беріледі (мысалы, кітаптар, қарындаштар және текшелер), бірақ бөлменің орналасуы мен стилі балалар өздерінің оқуын бағыттауға шабыттануы керек деген идеяға негізделген.

Сондай-ақ, балаларға «жүз тілді» үйренуге және билеу, музыка ойнау немесе рөлдік ойындар ойнау сияқты қалаған жерде еркін қозғалуға мүмкіндік беретін ашық кеңістік бар. Реджо-Эмилия бөлмесінде бекітілген орындар жоқ. Бұл тұжырымдама зерттеу мен байланыстың органикалық мүмкіндіктерін ынталандырады және балалардың оқуында шынайы қуанышты оятады. Реджио көшіруге болатын модель немесе жүйе емес, парадигма немесе теория емес және Монтессори әдісінен айырмашылығы, бұл тәрбиешілерге арнайы дайын жоспар емес. Бұл тәсілді көшіру мүмкін емес, өйткені ол контекстке байланысты оқыту әдісін білдіреді: оның мәдениетіне, балаларына және географиясына тән, соған орай әр ортаға байланысты өзгеріп отырады (*The Emerging Reggio Emilia Philosophy & What it Can Mean for Children*, 2018). Монтессори және Реджо-Эмилия тәсілі - бұл баланың үлгісі мен оның әлеуетін ұстануға қоғамдастыққа бағытталған кеңістіктер. Алайда, доктор Мактаманидің айтуынша, олар материалдары да әртүрлі. Реджо Эмилияда ынтымақтастыққа баса назар аударылады (*Gabriela Kelemen*, 2015).

Қазақстандағы білім беру үдерісі жаһандану кезеңінде тұрғанын ескере келе, білім беру саласында білім мазмұнын жаңарту, оларды іске асыру және практикада пайдалану мәселесі дәл қазіргі таңда қолға алынып отыр. Бұл жаңарудың барлығы тұлғаға бағдарланған, сонымен қатар, сыни ойлауына, өз шешімін өзі дұрыс қабылдауына және сол шешімдеріне жауапкершілікті өз мойнына алуға негіз бола алады (*Аманжолова*, т.б., 2023).

Реджио педагогика қағидаларын пайдалануда балаларда келесі дағдылар қалыптасады: «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларын дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру». Осы дағдыларға жеке тоқталатын болсақ, «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша Реджио педагогикасының қағидалары бойынша, балалардың физикалық қасиеттерін дамыту табиғи ойындар мен әрекеттер арқылы жүзеге асады. Балалар табиғи материалдармен жұмыс істеп, қолдарының ұсақ моторикасын дамытады және дене қимылдарына байланысты үйлесімділік қалыптасады. Жаттығулар мен қозғалыс ойындары арқылы балалардың ептілік, төзімділік, және тепе-теңдік дағдылары жетіледі. Топтық жұмыстар кезінде балалар бірге әрекет етіп, қозғалыс арқылы әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын да дамытады. Ашық алаңдарда еркін ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың қимыл белсенділігі арттырылады. Физикалық белсенділіктер балалардың денсаулығын нығайтып, эмоциялық күйзелісті азайтуға ықпал етеді.

«Коммуникативтік дағдыларын дамыту» бойынша Реджио педагогикасында балалардың коммуникативтік дағдылары еркін қарым-қатынас пен өз пікірлерін ашық айтуға бағытталған ортада дамиды. Балалар өз ойларын

суреттер, мүсіндер немесе әңгімелер арқылы жеткізіп, түрлі тілдік құралдарды қолдануға үйренеді. Топтық жобаларда балалар бір-бірімен идеялар алмасып, ортақ шешім қабылдауды және келісуді меңгереді. Педагог балалардың сұрақтарына тыңдай отырып, оларды өз ойларын нақты әрі жүйелі түрде жеткізуге ынталандырады. Оқу ортасында көптілділік және әртүрлі мәдени құндылықтарды қабылдау балалардың тілдік және мәдениаралық қарым-қатынас дағдыларын нығайтады. Балалар бірлескен әрекеттер барысында әңгімелесу, пікірталас жүргізу және өз көзқарастарын қорғау дағдыларын дамытады. «Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту» бойынша Реджио педагогикасында танымдық және зияткерлік дағдылар балалардың қызығушылығына негізделген зерттеу әрекеттері арқылы дамиды. Балалар табиғат құбылыстарын бақылап, эксперименттер жасап, әлемді өз бетінше тануға үйренеді. Жобалық жұмыс барысында балалар мәселені талдап, шешімін табуға бағытталған ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Креативті тапсырмалар арқылы балалар логикалық ойлау, себеп-салдар байланысын түсіну және болжам жасау қабілеттерін дамытады. Педагогтар балаларға түрлі ресурстар мен материалдарды ұсыну арқылы олардың зерттеушілік дағдыларын қолдайды. Танымдық процестерді визуалды құралдармен көрсету балалардың ақпаратты терең түсінуіне және оны есте сақтауына ықпал етеді.

«Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік іс-әрекетін дамыту» бойынша Реджио педагогикасында шығармашылық дағдыларды дамыту үшін балаларға өз идеяларын еркін білдіруге мүмкіндік беретін көркем материалдар мен орта ұсынылады. Балалар табиғи материалдар мен қайта өңделетін ресурстарды пайдаланып, жаңа заттар жасап, қиялын дамытады. Зерттеушілік іс-әрекет барысында балалар өз сұрақтарына жауап іздеп, тәуелсіз ойлау қабілетін қалыптастырады. Тәжірибе жасауға арналған орталар балаларды шығармашылық шешімдер табуға және жаңа нәрселерді ашуға ынталандырады. Топтық жұмыстар кезінде балалар бір-бірінің идеяларын тыңдап, оларды біріктіру арқылы бірегей жобалар жасауға үйренеді. Балалардың шығармашылық қабілеттері көркем өнер, театр, музыка және қимыл ойындары арқылы кешенді түрде дамытылады. «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру». Реджио педагогикасында әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балаларға өз сезімдерін ашық білдіру және басқалардың эмоцияларын түсіну арқылы жүзеге асады. Топтық жобалар мен ойындар балаларға бір-бірімен ынтымақтасуды, кезекпен әрекет етуді және ортақ шешім қабылдауды үйретеді. Педагогтар балаларға өз пікірін білдіруге мүмкіндік беріп, олардың өзін-өзі бағалауын және сенімділігін нығайтады. Қақтығыс жағдайларында балаларды диалог арқылы мәселені шешуге бағыттап, эмоционалды тұрақтылықтарын дамытуға ықпал етеді. Балалар әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді зерттеу арқылы эмпатия мен сыйластық сезімдерін қалыптастырады. Әлеуметтік өзара әрекеттестікке бай ортада балалар достық, өзара қолдау және жауапкершілік сияқты маңызды құндылықтарды меңгереді.

Материалдар және әдістер. Мақалада Реджио педагогиканың мектеп

жасына дейінгі баланы дамыту мен тәрбиелеуге әсері бойынша кешенді жұмыстар іріктеліп, бағалау көрсеткіштері белгіленді. Зерттеу нәтижелері еңделіп, берілді.

Зерттеу жұмысында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қатысты нормативті және әдістемелік материалдарды зерделей келе, Реджио педагогикасының қағидадтарына сүйене отырып дағдылардың даму схемасын құрастырдық (сурет 1).



Сурет 1 – Реджио педагогикасының мектеп жасына дейінгі балалардың 5 дағдысын дамыту схемасы

